

	«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ	« » 2023ж.	Басылым: екінші
	Білім алушылардың мәтіндік құжаттарын алып пайдаланудың бар-жоғына тексеру тәртібі туралы ереже	Е ҚазҰУ	10 беттен 1 бет

Бекітілген:
Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің
Ғылыми кеңесінің шешімімен
(хаттама №9 26.04.2023 ж.)

Білім алушылардың мәтіндік құжаттарын алып пайдаланудың бар-жоғына тексеру тәртібі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті білім алушыларының мәтіндік құжаттарын (бұдан әрі – ереже) алып пайдаланудың бар-жоғына тексеру тәртібін реттейді.

Ереже Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген үлгілік қағидаларына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығымен бекітілген дәрежелерді беру қағидаларымен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 126 бұйрығымен бекітілген диссертациялық Кеңес туралы үлгілік Ережемен, 2022 жылғы 29 қыркүйекте бекітілген әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Академиялық саясатымен, 2021 жылғы 22 маусымда бекітілген әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың диссертациялық кеңесі туралы ережесімен сәйкес әзірленді

Осы Ереже университетте қолданыстағы шеттен алып пайдалануды анықтау бойынша цифрлық жүйені (бұдан әрі – Жүйе) пайдалану арқылы мәтіндік құжаттарды тексеру тәртібін айқындайды .

1.2. Ереже Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлаудың өмірлік цикліне қатысатын университеттің барлық құрылымдық бөлімшелері үшін міндетті.

1.3. Мәтіндік құжаттарға білім алушылардың жазбаша бағаланатын жұмыстары жатады:

- курстық жұмыстар,

	«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ	« » 2023ж.	Басылым: екінші
	Білім алушылардың мәтіндік құжаттарын алып пайдаланудың бар-жоғына тексеру тәртібі туралы ереже	Е ҚазҰУ	10 беттен 2 бет

- қорытынды бақылау кезінде емтихан тапсырмасына жауап ретінде білім алушылар электрондық форматта жасайтын мәтіндік құжаттар: стандартты жазбаша емтихан тапсырған кезде емтихан алушының сұрақтарына жазбаша жауаптар, эсселер, кейстер, жобалау жұмыстары және оларды іске асыру туралы жазбаша есептер.

1.4. Бітіруші біліктілік жұмыстарына жатпайтын мәтіндік құжаттардың алып пайдалануына тексеру жүргізу тәртібін оқытушы факультеттің Оқу және оқыту сапасы жөніндегі академиялық комитет ұсынымдары, қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып қорытынды бақылау жүргізу үшін Академиялық мәселелер жөніндегі департаменттің нұсқаулығы негізінде айқындайды. Тәртіп мамандандырылған онлайн-сервистерді пайдалана отырып жұмысты тексеруді, алып пайдалану сипатына сараптама жүргізуді, дұрыс емес дәйексөздердің болуын, техникалық айналып өтудің өзге де түрлерін алып пайдалануды бүркемелеу әрекеттерін қамтуы мүмкін.

1.5. Плагиат дегеніміз-түпнұсқа авторлықты көрсетпестен (дереккөздерге сілтеме жасамай) басқа біреудің мәтінін, идеяларын өзіңіздікі ретінде пайдалану немесе орындалған жұмыстың тәуелсіздігіне күмән келтіретін осы формадағы және көлемдегі сілтемелері бар алып пайдаланған материалдарды пайдалану. Сілтемелерді бұрмалау плагиаттың бір түрі ретінде де қарастырылады.

1.6. плагиаттың басқа түрлеріне мыналар жатады:

- аударма материалын сілтемені көрсетпей пайдалану;
- сөз парафраза-мағынасын өзгертпестен сөздер мен өрнектерді синонимдік ауыстырумен басқа біреудің мәтінін қолдану.

1.7. Плагиатты жасыру әдістеріне мыналар жатады:

- омоглифтік сөз (таңбаларды ауыстыру);
- мәтіннің түсін фонға өзгерту;
- ұсақ және өте ұсақ қаріпті қолдану;
- әр түрлі қаріп өлшемін немесе әр түрлі қаріптерді қолдану бір мәтінде:
- сөздерді бөліктерге бөлу;
- таңбааралық/жоларалық қашықтықты өзгерту;

	«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ	« » 2023ж.	Басылым: екінші
	Білім алушылардың мәтіндік құжаттарын алып пайдаланудың бар-жоғына тексеру тәртібі туралы ереже	Е ҚазҰУ	10 беттен 3 бет

- бір-бірінің артына жасырылған сөздер мен белгілерді қолдану;
- мәтінді кескін түрінде беру;
- мәтіндік құжатты Word-тан PDF-ке түрлендіру;
- Жүйе анықтайтын техникалық айналып өтудің өзге де тәсілдері және анықталған алып пайдалану маскировкасы әрекеттері туралы жүйелердің есептерін тексеретін қызметкерлер растайды.

1.8. 1.7-тармақшада көрсетілген әдістердің көмегімен 1.3-тармақшада көрсетілген мәтіндік құжаттарда плагиатты бүркемелеу мақсатында техникалық айналымдар анықталған жағдайда білім алушының жазбаша жұмысы жойылады.

2. Жүйені пайдалану тәртібі

2.1 Пәннің силлабус талаптарына сәйкес студенттер орындаған мәтіндік құжаттарды тексеру: СӨЖ/МӨЖ /ДӨЖ және өзге де тапсырмалар жазбаша нысанда жүргізіледі:

- Университеттің оқу процесін автоматтандырудың ақпараттық жүйесінде Univer 2.0 (бұдан әрі-Univer 2.0 АЖ) Жүйені пайдалану арқылы;
- LMS Moodle-де – Жүйені пайдалану арқылы;

2.2. Қорытынды бақылау кезінде емтихан тапсырмасына жауап ретінде білім алушылар электрондық форматта құратын мәтіндік құжаттарды (емтихан алушының сұрақтарына жазбаша жауаптар, эсселер, кейстер, жобалау жұмыстары және оларды іске асыру туралы жазбаша есептер) тексеру жүргізіледі:

- Univer 2.0 АЖ Жүйені пайдалану арқылы;
- LMS Moodle-де – Жүйені пайдалану арқылы;

2.3. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейінде білім алушылардың бітіру біліктілік жұмыстарында шеттен алып пайдаланудың болуын тексеру Univer 2.0 АЖ-де Жүйені пайдалану арқылы;

2.4. Университетте докторлық диссертацияларды тексеру тікелей Жүйенің веб-ресурсында жүзеге асырылады.

3. Теориялық оқыту/қорытынды бақылау кезінде білім алушының мәтіндік құжатын тексеруді жүргізу тәртібі

	«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ	« » 2023ж.	Басылым: екінші
	Білім алушылардың мәтіндік құжаттарын алып пайдаланудың бар-жоғына тексеру тәртібі туралы ереже	Е ҚазҰУ	10 беттен 4 бет

3.1 Стандартты жазбаша емтиханды онлайн тапсырған кезде білім алушы Univer 2.0 АЖ мәтіндік құжатты жүктейді. Емтихан алушы білім алушының жазбаша жауабын зерттейді. Жүйеде «Сәйкестіктер», «Дәйексөздеу», «Түпнұсқалық», «Өзіндік дәйексөздеу» көрсеткіштеріне сүйене отырып шеттен алып пайдалану туралы жүйенің толық есебіне сараптама жүргізеді. Білім алушының жазбаша жауабында шеттен алып пайдалануды бүркемелеу әрекеттерін анықтайды. Жүргізілген сараптама негізінде толық есептің көрсеткіштерін қайта есептейді. Факультеттің ғылыми кеңесі белгілеген, белгілі бір білім деңгейіне арналған жұмыс мазмұнының бірегейлігінің пайызына сүйене отырып, осы Ереженің талаптарын тәртіп бұзушылықтар болмаған кезде емтихан алушы қорытынды балл қояды.

Тәртіп бұзушылықтар болған кезде Жүйе есептерін сараптау нәтижесінде белгіленген бірегейлік пайызына сәйкес балл қояды.

Плагиатты бүркемелеу мақсатында техникалық айналымдар анықталған кезде білім алушының жазбаша жұмысы жойылады.

3.2 Эссе, кейс, аралас жобалық емтихандар форматындағы бейсинхронды қашықтықтан емтихандарды тапсыру кезінде студент LMS Moodle-ға мәтіндік құжатты жүктейді. Егер Жүйе бірегейлік пайызы белгіленген талаптарға сәйкес келсе, жүйедегі студент өз жұмысын емтихан алушыға жібереді.

Емтихан алушы білім алушының жазбаша жауабын зерттейді Жүйеде «Сәйкестіктер», «Дәйексөздеу», «Түпнұсқалық», «Өзіндік дәйексөздеу» көрсеткіштеріне сүйене отырып шеттен алып пайдалану туралы жүйенің толық есебіне сараптама жүргізеді. Білім алушының жазбаша жауабында шеттен алып пайдалануды бүркемелеу әрекеттерін анықтайды. Жүргізілген сараптама негізінде толық есептің көрсеткіштерін қайта есептейді. Факультет белгілеген, белгілі бір білім деңгейіне арналған жұмыс мазмұнының бірегейлігінің пайызына сүйене отырып, осы Ереженің талаптарын тәртіп бұзушылықтар болмаған кезде емтихан алушы қорытынды балл қояды.

Тәртіп бұзушылықтар болған кезде жүйелердің есептерін сараптау нәтижесінде белгіленген бірегейлік пайызына сәйкес балл қояды.

Плагиатты бүркемелеу мақсатында техникалық айналымдар анықталған кезде білім алушының жазбаша жұмысы жойылады.

4. Дипломдық жұмысты (жобаны)/магистрлік диссертацияны (жобаны) плагиатқа тексеру тәртібі

4.1. Білім алушы Univer 2.0 АЖ-ға жұмысын жүктейді. Егер Жүйе белгілеген бірегейлік пайызы белгіленген талаптарды қанағаттандырса, жүйеде білім алушы өз жұмысын ғылыми жетекшіге жібереді. Ғылыми

	«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ	« » 2023ж.	Басылым: екінші
	Білім алушылардың мәтіндік құжаттарын алып пайдаланудың бар-жоғына тексеру тәртібі туралы ереже	Е ҚазҰУ	10 беттен 5 бет

жетекші білім алушының мәтіндік құжатын зерделейді. Жүйеде «Сәйкестіктер», «Дәйексөз алу», «Өзіндік ерекшелік», «Өз дәйексөзін алу» көрсеткіштеріне сүйене отырып, алып пайдалану туралы жүйенің толық есебіне сараптама жүргізеді. Білім алушының жазбаша жауабында алып пайдалануды бүркемелеу әрекеттерін анықтайды. Жүргізілген сараптама негізінде толық есептің көрсеткіштерін қайта есептейді. Осы Ереженің талаптарын бұзушылықтар болмаған кезде ғылыми жетекші жұмысты дерекқорға жібереді, онда әрбір жұмысқа жеке QR-код беріледі. Есеп тек QR коды болған жағдайда ғана жарамды.

4.2. Мазмұнының бірегейлігі 75% - дан кем болатын дипломдық жұмыстарды (жобаларды) қорғауға жол берілмейді.

4.3. Мазмұнының бірегейлігі 80% - дан кем болатын магистрлік диссертациялар (жобалар) қорғауға жіберілмейді.

4.4. Бакалавриат пен магистратураның білім беру бағдарламасының ерекшелігін ескере отырып, факультет тиісті жазбаша негіздемені ұсынған кезде бірегейлік пайызының шекті мәнін, бірақ кемінде 70% - ға дейін төмендетуге болады.

4.5. Бітіру жұмысында плагиат куәліктері анықталған жағдайда, білім алушыға қатысты Академиялық адалдық саясатының 10-бөліміне (2022 жылғы 29 қыркүйекте бекітілген) сәйкес жұмыс жүргізіледі.

5. Докторлық диссертацияларды плагиатқа тексеру тәртібі.

5.1. Докторлық диссертацияларды плагиатқа тексеру тәртібі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің диссертациялық кеңесі туралы Ережесімен айқындалады.

5.2. Алып пайдалануды анықтау үшін докторлық диссертацияны тексеру көп деңгейлі болып табылады және келесідей жүзеге асырылады:

- кафедраның кеңейтілген отырысында диссертацияны қарастыру кезеңінде;
- диссертациялық кеңестердің ғылыми хатшылары диссертацияны қабылдау кезеңінде;
- ресми және бейресми рецензенттердің диссертацияларды рецензиялау кезеңінде;
- «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» акционерлік қоғамында.

	«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ	« » 2023ж.	Басылым: екінші
	Білім алушылардың мәтіндік құжаттарын алып пайдаланудың бар-жоғына тексеру тәртібі туралы ереже	Е ҚазҰУ	10 беттен 6 бет

1-қосымша

Антиплагиат жүйесіндегі толық есеп

1-қосымшаның мәтіні «Антиплагиат.ЖОО» корпоративтік нұсқадағы оқытушы нұсқаулықтары» негізінде әзірленген. Авторы – «Анти-Плагиат» АҚ.(https://docs.antiplagiat.ru/ru/pdf/vuz_expert_guide.pdf).

Құжатты жүктегеннен кейін және тексергеннен кейін пайдаланушы есепке өте алады.

Толық есептің құрамына мыналар кіреді:

- бірегейліктің/шеттен алып пайдаланудың/дәйексөз алудың бағасы;
- күдікті бағалау және күдік бетіне өту мүмкіндігі;
- есепті өңдеу және оған өту мүмкіндігі бар шеттен алып пайдалану көздерінің тізімін;
- дереккөздер бойынша;
- тексеру құжатының толық мәтінін үздіксіз немесе парақтап көрсету;
- табылған шеттен алып пайдалану блоктарын ерекшелеу ;
- құжатты тексеру күні;
- есепті түзетуді көрсету.

	«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ	« » 2023ж.	Басылым: екінші
	Білім алушылардың мәтіндік құжаттарын алып пайдаланудың бар-жоғына тексеру тәртібі туралы ереже	Е ҚазҰУ	10 беттен 7 бет

Төмендегі суретте толық есептің жалпы көрінісі көрсетілген.

Полный отчет

ПАРАМЕТРЫ ПРОВЕРКИ ЭКСПОРТ СОХРАНИТЬ ЕЩЕ...

ФПН экзамен.docx

ПРОВЕРЕНО: 16.05.2023 12:49:39
КОРРЕКТИРОВКА: 23.05.2023 12:06:18

73.18%	ЗАЙМСТВОВАНИЯ
0%	САМОЦИТИРОВАНИЯ
2.87%	ЦИТИРОВАНИЯ
23.95%	ОРИГИНАЛЬНОСТЬ

ПОИСК ПО БЛОКАМ

- Займствования
- Самоцитирование
- Цитирования
- Выключенные блоки

ИСТОЧНИКИ: 28 ИЗ 35 ПЕРЕСЧИТАТЬ

Модуль поиска

[01] И.В. Андиферова, А.И. Занко...
1.91%
Переводные заимствования по Интернету (kkRu)

[02] ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ДОСТИЖЕ...
61.15%
Переводные заимствования по eLIBRARY.RU (kkRu)

[03] ПРИМЕНЕНИЕ НАНОТЕХНОЛ...
0%
Переводные заимствования по eLIBRARY.RU (kkRu)

Текстовый вид Исходный вид Скрыть номера источников

Вертуе жұмысының тексерілуі: Нанотехнология желіліктерінің экологияға әсері

Түйінді сөздер: полимер, ультрафилтрация, нанокремний, сүтегі энергетикасы, мембрана

Жұмыстың өзектілігі. Бүгінгі таңда наноөлшемді материалдар үлкен сұранысқа ие және қазір ғылым мен техниканың ер түрлі салаларында қолданылады. Материалдардың бұл классы мүлдем жаңа қасиеттер көрсетті және неғұрлым тиімді болатын жаңа құрылыстар жасауға мүмкіндік береді. Жұмыстың мақсаты: Наноматериалдар қасиеттерінің алуан түрлілігін ескере отырып, оларды қоршаған ортаны қорғау үшін пайдалану мүмкіндігі туралы мәселені шешу. Әйтпекені бұл мәселе қазір уақытта жанында, болады және оны қарастырып, зерттеу қажет. Наноматериалдар көптеген экологиялық жағдайдың ең жақсы жаққа түсетуіне болады деп болжануда, мысалы, ластануларды табу немесе жою, қоршаған ортаны зиян келтірмейтін

Есепті қарау

Есеп беті тексерілетін мәтіннен тұрады, онда шеттен алып пайдалану блоктары, дереккөздер тізімі, біріктірілген тексеру нәтижелері және шеттен алып пайдалану блоктары бойынша навигация (блоктар бойынша іздеу) көрсетілген.

Мәтін беттеріне өту үшін мәтін жолағының үстінде және астында орналасқан пейджинг тақтасын пайдаланыңыз. Құжаттың барлық беттерін бірден көрсету үшін құжат бетінің төменгі жағындағы **«Барлық беттерді көрсету»** түймесін басыңыз.


Мәтіннің қандай бөліктері алынғанын және қандай нақты көзден алынғанын көру үшін жүйеде барлық шеттен алып пайдалану блоктары түспен ерекшеленеді және әр блоктың соңында дереккөздің реттік нөмірі бар белгі орналасқан.

Есепте шеттен алып пайдаланылған блоктарды қарау кезінде блоктарды шарлауды (блоктарды іздеу) пайдалануға болады. Оның көмегімен сіз «Алдыңғы» немесе «Келесі» батырмаларын басу арқылы келесі немесе алдыңғы блокқа ауыса аласыз. Сондай-ақ сіз қай блоктарды жылжыту керектігін таңдай аласыз – дәйексөз алу немесе шеттен алып пайдалану блоктары бойынша.

Дереккөз туралы ақпаратты қарау

«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ	« » 2023ж.	Басылым: екінші
Білім алушылардың мәтіндік құжаттарын алып пайдаланудың бар-жоғына тексеру тәртібі туралы ереже	Е ҚазҰУ	10 беттен 8 бет

Дереккөздер тізіміндегі дереккөз туралы ақпаратты көру үшін **сізді қызықтыратын дереккөзді ашып, «Кітап» белгішесін басыңыз.** Дереккөздің сілтемесіне өту үшін **«Тізбек» белгішесін басыңыз.**



Сурет. Дереккөздер тізіміндегі дереккөз туралы ақпарат.

Бастапқы ақпаратты көрудің тағы бір тәсілі — толық есеп мәтіндегі **дереккөз нөмірін** басу. Дереккөз туралы негізгі ақпаратты қамтитын **терезе** пайда болады.

Обвинения в адрес знаменитого журналиста говорят о том, что любую журналистскую критику можно преподнести как незаконную. Так считает и президент международного фонда защиты свободы слова «Адил соз» Тамара Калеева ²³ ...

Источник: «Адил соз»: В Казахстане мож...
Ссылка: <http://www.ktk.kz/ru/news/line...> :покоенность тем,
Дата: 24 Дек 2018
Модуль поиска: СМИ России и СНГ
 ормационные атаки
 путем публикации негативных материалов, порочащих деловую репутацию:

	«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ	« » 2023ж.	Басылым: екінші
	Білім алушылардың мәтіндік құжаттарын алып пайдаланудың бар-жоғына тексеру тәртібі туралы ереже	Е ҚазҰУ	10 беттен 9 бет

Толық есеп парағында оқытушы білім алушының жұмысында анықталған дереккөздерге сілтемелерді толығырақ зерделейді, «Дереккөздер» тізіміндегі тиісті блоктарды **ажыратады/қосады** және «Қайта есептеу» батырмасын басу арқылы түпнұсқалықтың толық есебінің нәтижесін қайта есептейді.

ИСТОЧНИКИ: 8 ИЗ 29 ПЕРЕСЧИТАТЬ

% ↕ Модуль поиска ▾

[23] «Адил соз»: В Казахстане может сократиться количество телеканалов ^

0,49%

Актуален: 24 Дек 2018
 Доля в тексте: 0,49%
 Блоков в отчете: 1
 Блоков в тексте: 1
 Модуль поиска:
 СМИ России и СНГ

[24] Скорейшего освобождения, в... ▾

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Егер толық есеп «Күдікті құжат» ретінде белгіленсе және сіз ескерту белгісін көрсеңіз, онда жұмыста техникалық айналып өту (символдарды ауыстыру, артық символдарды қою, бос орындар және т.б.) пайдаланылған. Мұндай жұмыстар толық есепті талдағаннан кейін күшін жоюға жатады.

	«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ	« » 2023ж.	Басылым: екінші
	Білім алушылардың мәтіндік құжаттарын алып пайдаланудың бар-жоғына тексеру тәртібі туралы ереже	Е ҚазҰУ	10 беттен 10 бет



КазНУ им. аль Фараби

П. ВОЙТИ

Таблица: ПОДОЗРИТЕЛЬНЫЙ ДОКУМЕНТ

Подозрительный документ

Текст: *Media in Central Asia*

ОТМЕТКА ВКЛЮЧЕНА

В документе обнаружены объекты на скрепящие группы

В ДОКУМЕНТЕ НА СТРАНИЦЕ

В документе обнаружены объекты на скрепящие группы

ЗАМЕНА СИМВОЛОВ

Media in Central Asia

Tienchenya Shizun

Despite the debate about whether the internet is a media outlet or not, the fact that the number of internet users is growing every day is a reflection of the fact that the internet can be considered as a substitute for traditional media. It is now an integral part of inter-governmental media that establish close ties with this society.

In addition, the internet is a technological tool used by the modern human community to quickly deliver public messages to a wide, mixed and anonymous audience. The internet is becoming a special media, which also stands out as a mass media. The internet is also a global environment in which all people in the world can be simultaneously covered with information. It is also a unique channel of mass communication that has been challenged, if not changed, some basic and traditional concepts of mass media.

If there is anything dynamic in the modern world, it is a concept and a process of communication. All kinds of the masses including its channels are